

№1 өндірістік кеңес.

МКҚҚ «Бұлдіршін» бөбекжай балабақшасының 2021-2022 оку жылына

№1 өндірістік кеңестің хаттамасы.

Откізілу мерзімі: 31.08.2021ж

Қатысқандар саны: 18.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Жазғы-сауықтыру кезеңіндегі өткізілген іс -шаралар қорытындысы.
2. 2021-2022 оку жылының жылдық жоспарымен таныстыру, бекіту.
3. Байқаудың қорытындысы: «Жаңа оку жылына үздік дайындық»
4. Еңбек тәртібі. Шаруашылықтың барлық буындарының жаңа оку жылына дайындығы.

Тындалды:

1. Балабақша менгерушісі П. Жұніс бүгінгі өндірістік кеңесте қаралатын мәселелермен таныстырып, жаңа оку жылымен балабақша қызметкерлерін құттықтады. Бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Н. Тожиева жазғы-сауықтыру кезеңіндегі өткізілген іс -шаралар қорытындысына талдау жұмыстарын жүргізді. Кортындылай айтканда жаз кезінде балалардың ағзасын сауықтыруға, эмоциальық, жеке тұлғалық, танымдық түрғыда дамытуға септігін тигізетін жағдайлар жасалды. Сауықтыру жұмыстарын жүйелі өткізіліп:

- әрбір бұлдіршіннің қабілетін ашуға қажетті жағдай жасауға;
- бала өмірін қызықты және мазмұнды етуге;
- күрдастармен және ересектермен қарым –қатынас жұмыс жасауға үйреттік;
- дene және психикалық денсаулығының нығайттық;
- қажетті іс - әрекетті белсене және өз бетінше орындауға;
- коршаган ортамен білімін іс-тәжірибеде өздігінен іске асыра және спорттың әртүрлі түрлерімен айналыса білуге мүмкіндік болды.

2. Екінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі П. Жұніс 2021-2022 оку жылының жылдық жоспарымен таныстырып, бекітті. 2021-2022 оку жылында алға қойған мақсат міндеттерімен педагогтарды таныстыруды. «Денсаулық» білім саласында денсаулығы мықты, дene бітімі дамыған баланы тәрбиелеу, тәрбиленушілердің бойында өз денсаулығына саналы түрде қарауды қалыптастыру. «Қатынас» білім саласында- балалардың ауыз еki сөйлеуін, өмірде түрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын итеруін қалыптастыру. «Таным» білім саласында баланың жеке тұлғасын коршаган әлеммен өзара іс – әрекеттің қарапайым дағдыларын менгерту. «Шығармашылық» білім саласында шығармашылық қабілеттерді, сезімдік-эмоционалдық саланы, қиялды, ойлауды, көркем талғамды дамыту. «Өлеумет» білім саласында балаларды мәдени-әлеуметтік нормаларға, отбасы мен қоғам дәстүріне баулу.

3. Ушінші мәселе байқаудың қорытындысы: «Жаңа оку жылына үздік дайындық» бойынша балабақша қызметкерлері арасында қорытынды талдау жасалды. Жаңа оку жылына атап айттар болсақ , «Балдырған» кіші , «Балапан» ортанғы «Балауса» ересек топтарының дайындығы жақсы. Топтарға тәрбиешілер өз қолдарымен жасалған көрнекі құралдармен толықтырған. Табиғат бұрыштары, ұлттық бұрыштар және танымдық, шығармашылық орталықтар бала жасына сай безендіріліп, орталықтар стандарт талаптарына сәйкес. Ал қалған топтарға әліде қосымша жұмыстар жүргізу қажет екенін айтты балабақша менгерушісі П. Жұніс.

4. Төртінші мәселе бойынша еңбек тәртібі бойынша балабақша менгерушісі П. Жұніс сөз алды. «Бұлдіршін» бебекжай балабақшасында 1 жастан 5 жасқа дейін 140 баламен қамтылған. Педагогикалық ұжым-18 қызметкер. Балалардың болуы 10,5 сағат. 8⁰⁰-18³⁰ дейін, бес күндік жұмыс аптасы. Еңбек тәртібін сақтау – жұмысқа уақытылы келу, белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығын сақтау, әкімшілік бұйрықтарын уақытылы орындау; еңбек қорғау ережесі мен қауіпсіздік техникасының талаптарын, өндірістік санитарлық, өртке қарсы ережені және алдын -ала ескерілген ережелер мен нұсқаулықтарды сақтау.

Шаруашылықтың барлық буындарының жаңа оқу жылына дайындығы жөнінде шаруашылық менгерушісі Д. Аширбердиева жаңа оқу жылына ғимараттардың барлығы дайын екенін, жаз мезгілінде жөндеу жұмыстары жүргізілгенін айтты.

Жиналыш қаулы етеді:

1. Жазғы-сауықтыру кезеңіндегі өткізілген іс -шаралар қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. 2021-2022 оқу жылының жылдық жоспары бекітілсін.
3. Байқаудың қорытындысы: «Жаңа оқу жылына үздік дайындық» бойынша жеңімпаздарға марапат ұсынылсын.
4. Еңбек тәртібі қатаң сақталып, қызметкерлер өз жұмыстарына жауапкершілікпен қарау міндеттелсін.

«Бұлдіршін» б/б менгерушісі:
Хатшы:

П. Жұніс
Н. Абы



№2 өндірістік кеңес.

МКҚҚ «Бұлдіршін» бөбекжай балабақшасының 2021-2022 оку жылындағы

№2 өндірістік кеңестің хаттамасы.

Откізілу мерзімі: 23.12.2021ж

Катысқандар саны: 18.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Балабақша мамандарымен қауіпсіздік шараларының нұсқауымен таныстырыу.
2. I-жарты жылдықтағы тамақтану және науқастық анализі
3. Кәсіподак тәрағасының 2021 жылға арналған есеп берулері.
4. Ішкі еңбек тәртібін, ішкі күн тәртібін орындау.

Тыңдалды:

1. Балабақша менгерушісі П. Жұніс бүтінгі өндірістік кеңесте қаралатын мәселермен таныстырып, балабақша мамандарымен қауіпсіздік шараларының нұсқауымен таныстыруды. Еңбек қауіпсіздігі – еңбек қызметі процесінде жұмыскерлерге зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсерін болғызбайтын іс-шаралар кешенімен қамтамасыз етілген жұмыскерлердің қорғалу жай-күйі; еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі тиімді кәсіби қызмет үшін ұйымның басшылары мен еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарға қажетті күзыреттер; жұмыскерлерге еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту және білімін тексеру жылына бір реттен сиретпей откізіледі. Жұмысқа қабылданған адамдар, сондай-ақ басқа жұмысқа ауыстырылатын жұмыскерлер кейіннен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша білімдерін тексеруді жүргізе отырып, жұмыс беруші белгілеген мерзімде, бірақ еңбек шарты жасалғаннан немесе басқа жұмысқа ауысқаннан кейін бір айдан кешіктірмей окудан өтеді. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан, нұсқау беруден және білімдерін тексеруден өтпеген жұмыскерлер жұмысқа жіберілмейді.

2. I-жарты жылдықтағы тамақтану және науқастық анализі бойынша емдембике Н. Егізбаева; баланың дамуы, өсуі, денсаулығы дұрыс тамақтануға тікелей байланысты. Балабақшаларда дұрыс тамақтанудың негізі-бұл ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген нормалар. Тамақтандыруды үйімдастыруға қойылатын талаптар "мектепке дейінгі ұйымдарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" мемлекеттік құжатында көрсетілген. Әр түрлі жас топтары үшін олардың нормалары әртүрлі. Егер сіздің баланың 1 жастан 3 жасқа дейін болса, оған күніне орта есеппен 53 г ақуыз, 53 г май және 212 г көмірсулар қажет, ал 3 жастан 6 жасқа дейін — сәйкесінше 68 г, 68 г және 272 г. Біздің балабақшада балалардың тамақтану нормаларын ескеретін маусымдық мәзір жасалады. Бала күніне белгілі бір мөлшерде ет, май, айран, жеміс және т.б. алуы керек.

3. Келесі мәселе бойынша балабақша кәсіподак тәрағасын Г. Қамбарова 2021 жылға арналған есеп беруі тыңдалды. Балабақшада жұмыс беруші мен қызметкерлер арасында ұжымдық шарттың дұрыс орындалуы жайлы есеп берді. Кәсіподактан берілетін көмек жайлы айттылды. Ол биылғы жылы кәсіподак комитетінен екі қызметкерге жолдама берілгендейгін айтты.

4. Келесі мәселе бойынша балабақша менгерушісі П. Жұніс ішкі еңбек тәртібін, ішкі күн тәртібін орындау жайлы айтты. Балабақша жарғысында, ішкі тәртібінің ережесінде және лауазымдық нұсқауларында көрсетілген міндеттерді қатаң түрде орындау қажет. Жұмыс орнының таза және ұқыпты ұстая, белгіленген материалдық құндылықтар мен

құжаттарды ретпен сактау. Тәрбиешілер оку қызметінде және серуенге шыққан уақытында тәрбиеленушілердің өмірі мен қауіпсіздігіне толық жауап береді. Сондықтан ішкі еңбек тәртібіне бағынуымыз керек.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Балабақша мамандарымен қауіпсіздік шараларының нұсқауымен жұмыстар жүргізілсін.
2. Балабақшадағы тамақтану тәртібінде гигиеналық тәртіптік шаралар сақталсын.
3. Кәсіподақ төрағасының 2021 жылға арналған есебі қанағаттанарлық деп танылсын.
4. Ишкі еңбек тәртібі және ішкі күн тәртібін орындау қадағалансын.

«Бұлдіршін» б/б менгерушісі
Хатшы:



**П. Жұніс
Н. Абу**

№3 өндірістік кеңес.

МКҚҚ «Бұлдіршін» бәбекжай балабақшасының 2021-2022 оку жылындағы

№3 өндірістік кеңестің хаттамасы.

Откізілу мерзімі: 14.03.2022ж

Катыскандар саны: 18.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Өрт қауіпсіздігі мен адам өмірін қорғау жөніндегі нұсқаулықтармен таныстыру.
2. Балабақша ішілік еңбек тәртібінің нұсқауларымен таныстыру.
3. Балалар өмірін және денсаулығын қорғау бойынша нұсқауды орындау.

Тындалды:

1. Балабақша менгерушісі П. Жұніс бүтінгі өндірістік кеңесте қаралатын мәселелермен таныстырыды. Өрт қауіпсіздігі мен адам өмірін қорғау жөніндегі нұсқаулықтарымен тәрбиеші Абдурахманова Шолпан балабақшадағы балалардың қауіпсіздігі барлық тарараптардың осы мәселеге кешенді көзқарасына байланысты. Қауіптің дамуына жол бермеу үшін балабақша тәрбиешілері, олардың тікелей жетекшісі және, әрине, ата - аналар катысуы керек.

Табиғи апаттардың алдын алушын негізгі қағидалары:

Өрттің пайда болуын болдырмау үшін газ және электр аспаптарын пайдалану жөніндегі нұсқаулықты орындаңыз және кешкі жылыту жүйелері, түрмистық техника (тоңазытқышты қоспағанда) қалдырманыз.

Балалар, электрлі қазандықтар мен шайбалар орналасқан топтарда пайдаланбаңыз, сондай - ак түрмистық емес үй - жайларда қоқыс сақтауға арналған дүкендерді сактаңыз немесе тұтанатын металдар мен құрылымдарын материалдарын сақтаңыз.

Жабық бөлмелерде отшашуды және шам шамдарды, Bengal шамдарын ұйымдастыру мүмкін емес. Бөлмедегі шамдарды толығымен өшіру және балаларға мақта мен дәкеден жасалған көйлектерге киу ұсынылмайды.

Балабақшаның маңындағы аумакты бақылау өте маңызды. Қоқыс ғимараттың сыртында арнайы аумаққа уақытында жеткізілуі тиіс. Шатыр үй - жайлары жабық болуы керек және олардың кілттері онай қол жетімді жерде қалдырылуы тиіс (әрине балаларға арналған емес). Әрбір сүйіспеншілікке толы ата - ана үшін олардың баласы өмірдегі ең жақсы нәрсе. Балалар әрдайым мойынсұнбайды, әсіресе кішкентай кездерде. Сондықтан баланың баласы балабақшага әкелінген кезде, баланың жаракаттануына жол бермеу үшін өте маңызды.

Балаларды қорғау үшін балалар бақшасындағы балалардың қауіпсіздігі үшін жауапты негізгі ережелер әзірленді. Мұнда әрбір бала үшін қүннің өзінде тікелей жанында тұрған адам жауапты.

2. Балабақша ішілік еңбек тәртібінің нұсқауларымен балабақша менгерушісі П. Жұніс таныстырыды. Қызметкерлерді қабылдау, ауыстыру және босату тәртібі 2.1. Жұмысқа қабылдау тәртібі: 2.1.1. Қызметкерлер өздерінің еңбекке құқықтарын аталған ұйымда жұмыс туралы еңбек шартын жасасу жолымен іске асырады. 2.1.2. Еңбек шарты, әдетте, бір жылдан аспайтын мерзімге жасалады. 2.1.3. Еңбек шартын жасасу кезінде, онда тарараптардың келісімі бойынша қызметкердің тапсырылатын жұмысқа сәйкестігін тексеру мақсатымен сынақ мерзімі туралы шарт белгіленуі мүмкін. 2.1.4. Сынақ мерзімі үш айдан аспайды, ал үйім басшысы, оның орынбасарлары, бас есепшісі, құрылымдық бөлімшениң басшысы үшін – алты айдан аспайды. 2.1.5. Еңбек шарты жазбаша нысанда және екі данада жасалып, оған тарараптардың қолдары қойылады, бір данасы үйімда, екіншісі – қызметкерде сақталады. 2.1.6. Педагог қызметкерлерді жұмысқа қабылдау білім туралы заңнамамен көзделген талаптарды ескере отырып жүзеге асырылады. 2.1.7. Еңбек шартын жасасу кезінде жұмысқа қабылданатын тұлға ҚР ЕК 32 -бабына сәйкес жұмыс берушіге мынадай құжаттар ұсынады: - жеке

куәлігі немесе төлкүжаты, оралмандар жергілікті атқарушы органдары берген оралман куәлігін; - ықтиярхаты немесе азаматтығы жоқ адамның куәлігі (Қазақстан Республикасының аумағында тұракты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар үшін) не босқын куәлігі; - тиісті білімді, дағдылар мен машиқтарды талап ететін жұмысқа еңбек шартын жасасу кезінде білімі, біліктілігі туралы, арнаулы білімі немесе кәсіптік даярлығының болуы туралы құжат; - еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек өтілі бар тұлғалар үшін); - алдын ала медициналық куәландырудан өткені туралы құжат ; - кісі өлтіру, денсаулыққа, халық денсаулығына және адамгершілікке, жыныстық дербес құқықтыққа қарсы қасақана зиян келтіру, экстремистік және лаңкестік қылмыстар, адам саудасы сияқты қылмыстық құқық бұзушылық жасау туралы мәліметтің бар не жоқ екендігі туралы анықтама; 2.1.8. Басқа жұмыс берушімен қоса атқараты Қызметкерлерді қабылдау, ауыстыру және босату тәртібі.

3. Балалар өмірін және денсаулығын қорғау бойынша нұсқауды орындау. Жұмысқа кіріспес бұрын тәрбиеші балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау оның міндегі тұракты есте сақтауы керек, сондықтан тәрбиешіге балаларды қараусыз қалдыруға болмайды. Егер балаларды белгілі бір уақытқа қалдыру керек болған жағдайда тәрбиеші тәрбиешінің көмекшісін топтан қашан және қанша уақытқа кетіп қалатындығы туралы ескертіп, оны уақытша өз шаруаларын қалдыра тұрып, балаларды қарай тұруға етініш білдіру керек.
 - 1.2. Тәрбиеші әр баланың денсаулығы туралы біліп, оның жеке кабілеттерін, денсаулық мүмкіндіктерін есепке ала отырып, өз жұмысын құруға міндettі.
 - 1.3. Тәрбиешінің сыртқы келбеті балалар үшін үлгі болуы керек.
 - 1.4. Ауа ылғалдылығы, температуралық режим мен жарықтандыруды әрдайым бакылауда ұстау қажет.
 - 1.5. Құн сайын жұмыс басталмас бұрын тәрбиеші топ бөлмесі, әжетхана, жатын бөлме және басқа да топ үй-жайларын тексеруі керек. Жиһаз, құрал-жабдықтар немесе үй-жайлардың жарамсыздығы туралы директордың ӘШБ (шаруашылық менгерушісі) орынбасарына немесе директорға хабарлау қажет.
 - 1.6. Балабақшада карантинді, санитарлық-эпидемиологиялық режим қағидаларын қатаң сақтау керек.
 - 1.7. Осы нұсқаулықта мазмұндалған қағидалар балабақшаның барлық қызметкерлерімен міндettі түрде орындалуы керек.

Жинаалыс қаулы етеді:

1. Өрт қауіпсіздігі мен адам өмірін қорғау жөніндегі нұсқаулықтарымен жұмыстар жүргізілсін.
2. Балабақша ішлік еңбек тәртібінің нұсқауларымен танысып жұмыстар жүргізілсін.
3. Балалар өмірін және денсаулығын қорғау бойынша нұсқауды орындау балабақша қызметкерлеріне жүктелсін.

«Бұлдіршін» б/б менгерушісі:
Хатшы:

П. Жұніс
Н. Абу



№4 өндірістік кенес.

МКҚҚ «Бұлдіршін» бебекжай балабақшасының 2021-2022 оку жылындағы

№4 өндірістік кеңестің хаттамасы.

Өткізу мерзімі: 24.05.2022ж

Катысқандар саны: 18.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Жазғы маусымдық- сауықтыру кезеңінен өткізу іс- шараларын талдау, бекіту.
2. Жаз кезіндегі азық- туліктердің сапасы мен алуа түрлілігі және бала тамағын дәрумендендіру.
3. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулықтардың орындалуы туралы.
4. Балалардың науқастығы туралы есеп беру.

Тындалды:

1. Жазғы маусымдық- сауықтыру кезеңінен өткізу іс- шараларын талдау, бекіту туралы балабақша әдіскері Н. Тожиева сөз алды:

жазғы сауықтыру жұмыстарының негізгі мақсаты:

балабақшада балалармен жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға ең тиімді жағдайлар жасау және балалардың жазғы мезгілде танымдық қызығушылығын дамыту; балалардың спорттық іскерліктері мен машықтарын дамыту және балалардың қымыл-қозғалыс белсенділігін арттыру бойынша жұмыстарды жалғастыру; балалардың көтерінкі көніл-күйін туғызу.

Тәрбиленушілердің таза аудада көбірек болуына, қымылды ойындар арқылы қымыл-қозғалыс белсенділігін арттыруға, спорттық ойындарға, ойын-сауықтарға үлкен мән берілу керек.

2. Жаз кезіндегі азық- туліктердің сапасы мен алуа түрлілігі және бала тамағын дәрумендендіру. Жаз маусымындағы азық- туліктердің сапасы мен алуа түрлілігі бойынша талдау жасалды. Мектеп жасына дейінгі балалық дұрыс тамақтануының негізгі ережелерін күнделікті ағзаның құрамы барынша сан алуан болғаны дұрыс. Бала ағзасына пайдалы дәрумендері бар ет, балық, сұт, жұмыртқа, жеміс- жидектер мен көкеністер, қант, нан, дәннен жасалған тәттілер үнделікті тамак үлесіне қосып отырған жағдайда, баланың берік денсаулығын қамтамасыз ете аламыз. Балалардың тамағын дәрумендіру аскорбин қышқылы, тәуліктік қажеттілік есебінен 2-6 жастағы балаға -40мг. Дәрумендер дайын тамақтарға, ас әзірлейтін бөлмеде, бас медбике, емдәмбикенің қадағалауымен іске асырылады. Дәрумендендерілген тағамдарды қайта жылтытуға кенес бермейміз. Өйткені тағам құрамындағы аскорбин қышқылы жоғалады.

3. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулықтардың орындалуы туралы. Денсаулықтың негізгі шарты- мәдени орта, салауатты өмір салты. Бала 2-3 жастан бастап балабақшаға барады. Балалар бакшада күн ұзак болып, көптеген уақыттың осы «екінші үйінде » өткізеді. Тәрбие мен білім алды, өседі-өнеді, денсаулығын нығайтады. Білім үйімдарында аурулардың алдын алу, денсаулықты нығайту, дene тәрбиесін жетілдіру, тәрбиленушілердің салауатты өмір салтына жағдай жасау бойынша қажетті іс-шаралар жүргізіледі. Жас үрпакты жан-жакты дамыған, ой - өрісі биік, тұлғасы сымбатты азamat етіп өсіру үшін тәрбие жүйесінде дene тәрбиесінің алар орны орасан зор. Ал оны неғұрлым ерте кезінен бастап, дұрыс жолға қойып жүргізсе, соғұрлым нәтижесі жемісті болатыны анық.

4. Балалардың науқастығы туралы есепті медбике Н. Егізбаевың есебі тындалды. Денсаулық- табиғаттың берген құнды байлығы, оны бастапқы күйде сақтау ол адамның жеке салауатты өмір сүруіне байланысты екенін есте сақтай отырып, шынықтыру жұмыстары жергіліктердің климаттық жағдайларына сай жүргізілуі керек. Шыныққан бала аз ауырады, тәбеті мен

үйкесі жақсы, бітімі үйлесімді, ері сымбатты келеді және ауа-райының кез келген жағдайында жеткілікті дәрежеде серуендей алады. Шынықтыру шаралары жүйелі түрде жүргізілуі тиіс. Жыл ішінде еш бір жұқпалы аурулар (гепатит, паратит т.б.) тіркелген жоқ. Жарақаттанған жағдайлар да болған жоқ.

«Д» есебінде тұратын балалармен ерекше бақылау жүргізіледі.

№	Аурулардың атауы	2021-2022
1	ЛОР аурулары	0
2	Тіл мүкісі	1
3	Анемия	0
4	Хирургиялық аурулары	0
5	Көз аурулары	0
6	Өкпе қабынуы (пневмония)	0
7	Без аурулары (эндокрийные заболевания)	0
8	Орталық жүйке жүйесінің (ЦНС)	0
9	Жүрек тамырлар жүйесінің (сердечно-сосуд.забол)	1
10	Бауыр аурулары	0
11	Басқа аурулар	0
	Барлығы:	1

Жиналыш қаулы етеді:

1. Жазғы маусымдық- сауықтыру кезеңінен өткізу іс- шаралары бекітілсін.
2. Жаз кезіндегі азық- тұліктердің сапасы мен алуа түрлілігі және бала тамағын дәрумендендіру балабақшаның шаруа менгерушісіне жүктелсін.
3. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулықтары бойынша жұмыстар жүргізілсін.
4. Балалардың денсаулығын қадағалау медбике Н. Етізбаевага жүктелсін.

«Бұлдіршін» б/б менгерушісі:
Хатшы

П. Жұніс
Н. Абу

